

Айгүл Алмағамбетова

Айгүл Алмағамбетова 30 жылдан бері Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде физика пәні мұғалімдерін даярлау бағытында еңбек етіп келеді. Ол – «Физика және математика» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Педагог ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізуде. Айгүл Алдажарқызы 50-ден аса ғылыми-әдістемелік мақала мен 9 оқу-әдістемелік құралдың авторы.

Сонымен қатар, «Scopus» базасына енген журналдарда кафедра ғалымдарымен бірлескен мақалалары жарық көрді.

Зерттеу нәтижесінде 7M01512– «Физика пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» бағдарламасына «Физикадан техникалық есептерді шығару әдістемесі», «Орта мектепте физиканы оқытуда физика-техникалық модельдеу» және басқа да авторлық элективті курстарын енгізді.

Айгүл Алдажарқызы бакалавр, магистратура, докторантура бойынша білім бағдарламаларының мазмұнын заман талабына сай жасақтауға үлес қосып келеді. Мектеп ұстаздарына әдістемелік көмек көрсетуімен қатар оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына да жетекшілік етуде.

Бүгінде педагогтың шәкірттері еліміздің білім беру саласында табысты еңбек етуде.

Атап айтсақ, Болат Махмутов – Қарағанды индустриялық университетіндегі «Энергетика, көлік және басқару жүйелері» факультетінің деканы, Қарлығаш Ақышева – Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мектеп-интернаттың директоры, Венера Төлегенова – Назарбаев зияткерлік мектебінде бірлестік жетекшісі, физика пәні мұғалімі-модератор, Айгүл Мұхамбетқали – физика пәні мұғалімі-эксперт, Жеңісбек Жалмурзаев – физика пәні мұғалімі-модератор.

Айта кетейік, өмірін білім мен ғылым саласының дамуына арнаған педагогтар туралы жоба алдағы уақытта да жалғасады.